

УДК 616.89-008.

## **ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ӘЙЕЛДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Аманжолова Д.А, Арғынбаева Д.Б.**

**di.0202@mail.ru**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, ӘФФ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Б. Капин

Әлемнің барлық елдерінде әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық шешілмеген маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Дүние жүзілік статистикалық мәліметтерге сүйенсек жер бетіндегі әрбір үшінші әйел өмірінде кемінде бір рет зорлықтың құрбаны болған. Қоғамда зорлық-зомбылық мәселесі күн санап артып келеді.

Сонымен қатар бүкіл әлемде қарым-қатынаста болған 15 пен 49 жас аралығындағы әйелдердің үштен бір бөлігі (27%) өмір бойы өздерінің жақын серіктесі тарапынан қандай да бір түрде физикалық және/немесе жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшырағандығы туралы хабарлайды. ДДҰ-ның әртүрлі аймақтарына келетін болсақ, жақын серіктес зорлық-зомбылықтың таралуын бағалау көрсеткіштері Батыс Тынық мұхиты аймағында 20% - дан, Еуропа аймағында 22% - дан және Америка аймағында 25% - дан Африка аймағында 33% - ға дейін, Шығыс Жерорта теңізі аймағында 31% және Оңтүстік-Шығыс Азия аймағында 33% - ға дейін жеткен[1].

Соңғы жылдары елімізде тұрмыстық заң бұзушылық мәселесі өзекті мәселеге айналып, оның алдын алуға құқық қорғау орындары белсене кірісуде. Тұрмыстық зорлық-зомбылық кезінде көбінесе әйел адамдар зардап шегеді. Осы орайда мемлекет тарапынан нәзік жандылардың құқығын қорғауға ерекше көңіл бөлініп, қоғамның барлық саласында гендерлік теңдік мәселесінің алдыңғы орынға шығуы, тұрмыстық зорлық зомбылықтың да

алдын алуға мүмкіндік беріп отыр. Осы тұрғыда Дина Смаилованың бастамасымен құрылған «Не молчи» қоры жайлы айтуға болады, осы қордың арқасында көптеген оқиғалардың беті ашылғаны анық. Әйел адамдар өз оқиғаларымен бөлісіп, көмек сұрауда. 2020 жылдың қорытындылары туралы айтатын болсақ,

адамдардың 85% - ы "Не молчи.kz" заң консультациясына;

15% -ы психологиялық көмекке;

45% -ы кешенді көмекке мұқтаж болып табылады.

БҰҰ мәліметтеріне сүйенсек, елімізде жыл сайын 400 әйел өз күйеуі, серіктесі, туыстарының қолынан тұрмыстық зорлық-зомбылық салдарынан қаза табады. Ал қаншама әйел секунд сайын психологиялық, физикалық жәбірлеуге ұшырап жатыр? Полицияның мұндай істерді көп жағдайда «көркемдеп» жіберетінін – зорлық құрбандарын арыздарын қайтарып алуға күштейді, жалған айғақ беруге мәжбүрлейтінін ескерсек, бұл мәселенің шынайы масштабын түсіну қиын. Көктемде Қазақстанда енгізілген карантин жағдайды одан әрі ушықтырып жіберді. «Бізде коронавирус пандемиясы емес, бізде тұрмыстық зорлық-зомбылық пандемиясы» болды. Сәуір айының ортасына дейін ғана 150 сенім телефонына үй тирандарынан қорлық көрген әйелдерден 300-ден астам арыз түскен. [2]

Зорлық-зомбылық мәселесі қоғамдағы қарым-қатынастағы үйлесімсіздік пен бұрмалаушылықты көрсетеді. Сондықтан отбасы шеңберінде әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың жолын кесу бойынша мемлекеттің жүргізіп отырған саясаты ерекше маңызды. Әйелдерді әлеуметтік қорғау және әртүрлі әлеуметтік қызметтердің жұмысы ерекше маңызды, онда қиын өмірлік жағдайдағы әйел көмекке сене алады.

Зардап шеккен әйелдерге көмек көрсету үшін алдын алу іс-шараларын ұйымдастыру үшін терең теориялық білімі мен практикалық жұмыс тәжірибесі бар жоғары кәсіби, білікті мамандар қажет. Алайда теориялық білімнің өзі жеткіліксіз, үнемі жетілдіруді, зорлық-зомбылықтан туындаған дағдарыстық жағдайларды шешу жөніндегі практикалық жұмыстар, тәжірибелі супервизорлардың басшылығымен жұмыс істеп тұрған әлеуметтік орталықтар базасында тағылымдама талап етіледі.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық-күрделі әлеуметтік проблема, оны шешу көбінесе үйдегі зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдерге уақытылы көмек көрсету әдістері мен технологияларының ерекшеліктеріне және осы проблеманы мемлекеттің әлеуметтік саясатының күн тәртібіне енгізуге байланысты. Жалпы қоғамдағы және мемлекеттік басқару деңгейіндегі отбасылық зорлық-зомбылық мәселесі туралы хабардарлықтың артып келе жатқанына қарамастан, осы маңызды әлеуметтік проблеманың салдары әлі де саналы емес. Осының салдарынан елдегі тұрмыстық зорлық-зомбылыққа Мемлекеттік ден қою жүйесі тұтастай алғанда тұрақсыз және бөлшектелген, ол негізінен қылмыстық шаралар тұрғысынан әрекет етуге бағытталған, бірақ алдын-алу жеткіліксіз дамыған. Сондықтан бүгінгі күні зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдермен әлеуметтік жұмыс технологияларын дамыту мәселесі өте өзекті.

Карантин кезінде Қазақстандағы тұрмыстық зорлық-зомбылық деңгейі 21 пайызға өсті. Пандемия басталғалы 33 қазақстандық тұрмыстық жанжал барысында көз жұмған.

Статистикаға сәйкес, Қазақстанда:

әрбір үшінші әйел отбасында тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны болған;

әрбір жетінші әйел экономикалық зорлық-зомбылыққа ұшыраған;

әрбір алтыншы әйел физикалық зорлық-зомбылықты бастан өткізген;

әрбір үшінші әйел психологиялық зорлық-зомбылыққа тап болған.

Сондай-ақ 2019 және 2020 жылдарда 16 наурыз-31 шілде аралығындағы осындай қылмыс санын салыстырғанда тұрмыстық зорлық-зомбылық қылмысы 41,7 пайызға көбейген. Елімізде соңғы 5 жылда әйелдерге қатысты зорлық 2 есеге, ал жасөспірімдерге қатысты қылмыс 3 есеге азайған. Сұрықсыз статистика өткен жылдан 4 пайызға артқан. Оның 50 пайызы әйелдерге қатысты болса, 6,4 пайызы жасөспірімдерге жасалған жәбір. Жауаптылар сөзінше отбасындағы қорлықтың 80 пайызына ер азаматтардың жұмыссыздығы себеп болып табылады. Қазақстанда 2018 жылы күйеулерінен оңбай таяқ

жеп, дағдарыс орталықтарын жағалап жүрген әйелдердің саны күрт артқан. Тіпті, құрбандардың бас сауғалайтын баспаналарында орын жетіспеушілігі байқалған. Алайда ресми дерек басқаша. Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, жұбайларына жәбір көрсететіндер саны соңғы 10 жылда 5 есеге азайыпты. Отбасылық ұрыс кезінде орын алатын қылмыс саны төмендеген. Былтырдың өзінде еліміз бойынша жанұядағы жанжал кезінде 480 қылмыс жасалған. Қазақстанда зорлау ісі Қылмыстық кодекстің 120-123 баптары аралығында қарастырылады. Зорлау, яғни жәбірленушіге немесе басқа адамдарға күш қолданып, оған қолдану қатерін төндіріп не жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып жыныстық қатынас жасау бойынша қылмыскер-3-5 жылға дейінгі аралықта бас бостандығынан айырылады. Ал адамдар тобы алдын ала сөз байласу арқылы қылмысқа барса немесе қайталанған зорлық әрекеті болса - 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қаралған. Сонымен қатар, жәбірленуші абайсызда қайтыс болып немесе денсаулығына ауыр зақым келсе - қылмыскер белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан он жылға айырыла отырып немесе 10 жылдан 15 жылға дейін қамалады. [3]

Мамандар отбасындағы зорлық-зомбылықтан әйелдер мен кәмелетке толмаған балалар көп зардап шегеді дейді. Осылайша, отбасындағы зорлық-зомбылықтың таралуы туралы сенімді ақпарат жоқ. Мамандардың пікірінше, бүгінде отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық база іс жүзінде құрылған. Мемлекеттік институт жүргізген әлеуметтік сауалнаманың нәтижелері бойынша олар бүгінгі таңда отбасындағы зорлық-зомбылық проблемалары бойынша ересек халықтың құқықтық хабардарлығының деңгейі жеткілікті төмен деп айтуға негіз береді. Осындай жағдайға тап болған әйелдер үшін арнайы көмек орталықтары нағыз құтқару бола алады. Мұнда олар дағдарыс жағдайында әйелді қолдайды және мәселені шешудің нұсқаларын ұсынады, психологтармен байыпты жұмыс жасау арқылы әлеуметтік оңалтуды жүргізеді. Бұл мәселені бейсаналық түрде теріске шығарудан арылуға және осы жағдайды шешу үшін сындарлы әрекеттер жасауға мүмкіндік береді. Содан кейін одан әрі мінез-құлық стратегиясы мен тактикасы жасалады. Отбасына оралу немесе жаңа отбасын құру жағдайы модельденеді, содан кейін сіз нақты әрекеттерді бастай аласыз. Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобы өз жұмысын ұйымдастыруда қоғамдық ұйымдар, үкіметтік емес ұйымдар, мемлекеттік мекемелермен өзара үйлесімді жұмыс жасайды. Сондай-ақ, әйелдер ісі және отбасы – демографиялық саясаты жөніндегі комиссиямен тығыз байланыста жұмыс істейді. Заң төңірегінде айтар болсақ Қазақстан Республикасы конституциясының 14 бабында заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең, тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайтындығы айқын көрсетілген. Жасыратыны жоқ, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа нәзік жандарлар көбірек ұшырайды. Әйелдерге қатысты кемсітуді жою мақсатында 2009 жылы 4 желтоқсанда "Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Бұл заң мемлекеттік органдарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың және Қазақстан Республикасы азаматтарының тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы жөніндегі қызметінің құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайды. Мамандар тарапынан, сондай-ақ жақын адамдар мен достар тарапынан қолдау, сондай-ақ сүйікті жұмысыңыз немесе хоббиіңіз әлеуметтік оңалту процесін мүмкіндігінше тезірек жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мұндай орталықтар көптеген қалаларда ашылуда, бірақ елдің миллиондаған халқы үшін олардың саны шамалы [4].

Әйелге қатысты отбасылық зорлық-зомбылықтың тағы бір түрі-экономикалық зорлық-зомбылық, ол әйелдің өмір сүруге қол жеткізуден бас тартуы және оны бақылау арқылы көрінеді. Экономикалық қысым-зорлық-зомбылықтың кең таралған түрлерінің бірі. Әйелдер күйеуінен үнемі ақша сұрауға, шығындардың барлығына немесе көбіне есеп беруге мәжбүр. Олардың күйеулерінен айырмашылығы, өздеріне жұмсай алатын ақшасы

жоқ. Көбінесе экономикалық зорлық-зомбылық күйеуінің оқуға және мансапқа тыйым салуы, әйелінің жұмысы туралы теріс пікірлер, әйелінің мінез-құлқына байланысты ақшадан бас тарту ретінде көрінеді. Зорлық-зомбылықтың бұл түрі құқық бұзушылықтың анықтамасына жатпайды және өте қауіпті. Бұл психикалық, физикалық және жыныстық зорлық-зомбылықтың жазасыз жасалуының алғышарттарын жасайды, өйткені әйел күйеуіне тәуелділікті байқайды. Экономикалық зорлық-зомбылықтың құрбандары-табысы күйеуінің табысынан едәуір асатын әйелдер. Күйеуі әйелінің жалақысын алып, барлық қаражатты басқарады. Мұндай жағдайларда әйелдер көбінесе тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайына тап болғанын түсінбей, кінә мен аяушылық сезімін сезінеді[5].

ЮНИСЕФ-тің "Өтпелі кезеңдегі әйелдер" баяндамасында әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың олардың өмірінің жас кезеңдеріне сәйкес мынадай жіктелуі ұсынылады[6].

Өмір кезеңі	Зорлық-зомбылық түрі
Нәрестелік	Жаңа туылған қыздарды өлтіру; моральдық және жыныстық зорлық-зомбылық, физикалық зорлық-зомбылық; тамақтану мен медициналық көмекке тең емес қол жетімділік
Балалық шақ	Ерте неке; әйел сүндеттелуі; туыстары мен бейтаныс адамдардың жыныстық қол сұғушылықтары мен психологиялық қорлауы; тамақтануға және медициналық қызмет көрсетуге тең емес қол жеткізу; балалар жезөкшелігі және порнография
Жасөспірімдік жас	Кездесулер кезінде зорлық-зомбылық; экономикалық қысым көрсету арқылы жыныстық қатынасқа мәжбүрлеу; инцест; жұмыс орнындағы жыныстық қысым көрсету; зорлау; әйелді зорлау; мәжбүрлі жезөкшелік және порнография; әйел саудасы; мәжбүрлі жүктілік
Репродуктивті жас	Серіктес тарапынан зорлық-зомбылық; әйелді күйеуімен зорлау; сиқырға байланысты қатыгездік пен кісі өлтіру; серіктес өлтіру; психологиялық қорлау; жұмыс орнындағы жыныстық қысым көрсету; жыныстық қол сұғушылық; зорлау; мәжбүрлі жезөкшелік және порнография; әйел саудасы; мүгедек әйелдерге қатысты қиянат жасау
Егде жас	Жыныстық зорлық-зомбылық; психологиялық қорлау және физикалық зорлық-зомбылық

Осы орайда, елімізде адам құқықтарын қорғау бойынша жұмыс жасап жатқан «Сорос-Қазақстан» қоры әйелдер құқығын қорғау бойынша арнайы жоба жүргізуде. Оған «Әйелді аяла» ақпараттық науқаны мен «Киімді кінәләма» және «Ұят» атты көрмелерді жатқызуға болады.

2018 жылы Астанада Шығармашылық әйелдер лигасы «Сорос-Қазақстан» қорының қолдауымен «Қазақстандағы әйелдер құқығы: мүмкіндіктер мен кедергілер» атты конференция өткізді.

Сондай-ақ «Киімді кінәләма» көрмесінде зорлық-зомбылық құрбандарының оқиға кезінде киген киімдері жайлы айтып өткен болатын. Қоғамда зорлық себебі азаматшаның қысқа киінуімен деп топшылайтындар да аз емес, алайда сіз көрмені көру кезінде айтарлықтай көзге сүйелдей басылатын айдан анық жайтты көресіз, сол себептен де киімді кінәләманыз. [https://youtu.be/7C\\_WPFХарw](https://youtu.be/7C_WPFХарw)

Қорытындылай келе, зорлық – зомбылық-бұл назардан тыс қалмайтын мәселе. Кез-келген зорлық-зомбылық адамның дамуы үшін кереғар процесс. Осы орайда немістің ұлы ақыны В. Гете туралы айтсақ, ол кісі әрдайым серуенге шығарда қалтасына түрлі гүлдердің тұқымын салып шығып, шалғындардан, орманнан өткенде, тауға шыққанда гүл тұқымдарын сеуіп жүруді жаны сүйген. Оның жүрген жерлері мезгілі келгенде керемет гүлдер өсіп шыққан. Гете сепкен гүл ме, әлде табиғи жолмен өздері көктеді ме, оны білу міндетті емес. Дегенмен сұлулық әлемі, әсемдік әлемі байыды. Сол сияқты дүниеде зорлық-

зомбылық болмаса адам өмірі, адамзат дүниесі сұлу да әсем болар еді. Ал агрессияның объектісі болу әлдеқайда нашар, адамның денсаулығына, кейде өміріне, өзіне және жақындарына үнемі қауіп төндіреді. Сондықтан көмек сұрауға ұялмаңыз, бұл ұят емес. Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз!

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. <https://www.who.int/ru/news-room/fact-sheets/detail/violence-against-women>
2. <https://nemolchi.kz/>
3. [https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/elmzde-turmyistagyi-zorlyik-zombyilyiktan-jyilyina-400-ge-287395/](https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/elmzde-turmyistagyi-zorlyik-zombyilyiktan-jyilyina-400-ge-287395/)
4. <https://lasola.ru/relationships/domashnee-psihologicheskoe-nasilie-puti-resheniya-problemy.html>
5. <http://www.sociologydeep.ru/sdps-249-2.html>
6. ЮНИСЕФ (1999 год), «Женщины в переходный период». Региональный мониторинговый доклад № 6, Флоренция: Международный центр развития ребёнка ЮНИСЕФ.